

Қара және түсті металдар сынығы мен қалдықтарын тасымалдаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 қазандағы № 719, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 23 қазандағы № 28 және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 қазандағы № 928 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 қазандағы № 17613 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 11) тармақшасына және 22-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының аумағынан легирленген болаттың қалдықтары мен сынықтарын, оның ішінде тотығуға төзімді болатты (ЕАЭО СЭҚ ТН кодтары 7204 21 1 00 0, 7204 21 900 0) және өзгелерін (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 7204 29 000 0);

Қазақстан Республикасының аумағына жөндеу үшін әкелінетін және кері әкетілетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан жөндеу үшін әкетілетін және кері әкелінетін (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 8607 19 100 1, 8607 19 100 9, 8607 19 900 9, 8607 21 1009 , 8607 21 900 9, 8607 30 000 0, 8607 99 800 0, 8607 29 000 0, 8607 12 000 0) бұрын қолданыста болған жылжымалы құрамның элементтерін қоспағанда, қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын (ЕАЭО СЭҚ ТН коды) 7204, 7404 00, 7602 00, 8548 10 210 0, 8548 10 290 0, 8548 10 910 0), сондай-ақ бұрын қолдануда болған құбырларды, рельстерді, теміржол төсемдері мен жылжымалы құрамның элементтерін (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 7302, 7303, 7304, 7305, 7306, 8607) автокөлікпен әкетуге 2 жыл мерзімге тыйым салу енгізілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.08.2019 № 639, ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 02.09.2019 № 952 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.08.2019 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-1. Осы бұйрықтың 1-тармағының үшінші абзацында көрсетілген тауарлар бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар бес жұмыс күні бұрын, бірақ тауарларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізудің болжамды күніне дейін бір жұмыс күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетіне жылжымалы құрамның элементтеріне жөндеу жүргізуге арналған шарттарды (келісімшарттарды), тауарларға арналған декларацияны

(қажет болған жағдайда), сондай-ақ көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан әкеткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде орындалған жұмыстардың актісін ұсынады. Құжаттарды ұсыну тауарларды өткізу жоспарланып отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пунктiнiң атауы мен күнiн көрсете отырып берiледi.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігiнiң Индустриялық даму және өнеркәсiптiк қауiпсiздiк комитетi сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардан осы бұйрықтың бiрiншi бөлiгiнде көрсетiлген құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күнi iшiнде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігiнiң Мемлекеттік кiрiстер комитетiн сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар, тауар, күнi және тауарларды өткізу жоспарланып отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пунктi туралы хабардар етсiн.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрiнiң 12.08.2019 № 639, ҚР Премьер-Министрiнiң Бiрiншi орынбасары – ҚР Қаржы министрiнiң 02.09.2019 № 952 және ҚР Ұлттық экономика министрiнiң 23.08.2019 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бiрлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігiнiң Индустриялық даму және өнеркәсiптiк қауiпсiздiк комитетi, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігiнiң Мемлекеттік кiрiстер комитетi өз құзыретi шегiнде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгiленген тәртіпте осы бiрлескен бұйрықтың 1-тармағын орындау бойынша бақылауды қамтамасыз етсiн.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігiнiң Индустриялық даму және өнеркәсiптiк қауiпсiздiк комитетi, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігiнiң Көлiк комитетiмен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігiнiң Мемлекеттік кiрiстер комитетiмен бiрлiсiп Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгiленген тәртіпте осы бiрлескен бұйрықтың 1-тармағының орындау қамтамасыз ету бойынша өзара iс-қимыл тәртібiн айқындасын.

4. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігiнiң Индустриялық даму және өнеркәсiптiк қауiпсiздiк комитетi заңнамамен белгiленген тәртіпте:

1) осы бiрлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлігiнде мемлекеттік тiркеудi;

2) осы бiрлескен бұйрық мемлекеттік тiркелген күнiнен бастап күнтiзбелiк он күн iшiнде қазақ және орыс тiлдерiнде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерiнiң эталондық бақылау банкiне ресми жариялау және енгiзу үшiн " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргiзу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсiпорнына жiберудi;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау тиісті бағытқа жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму, қаржы, ұлттық экономика вице-министрлеріне жүктелсін.

6. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі*

_____ *Ж. Қасымбек*

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

_____ *Ә. Смайылов*

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

_____ *Т. Сүлейменов*